

Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 24 шілде N 1055

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын бағдарламалардың әкімші-мекемелерінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 желтоқсандағы N 1335 Р981335_ қаулысын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының "Орталық ғылыми кітапхана" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің "Орталық ғылыми кітапхана" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) болып қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Кәсіпорынды мемлекеттік басқарудың уәкілетті органы, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функциясын жүзеге асырушы орган болып белгіленсін.

3. Кәсіпорынның негізгі міндеттері:

1) ғылым, өндіріс, білім және мемлекеттік басқару саласындағы мамандарға кітапханалық-библиографиялық және ақпараттық қызмет көрсету;

2) кітапханатану, библиографиятану, кітаптану, қолжазбаларды ғылыми сипаттау және кітапханалық-ақпараттық процестерді автоматтандыру салаларында зерттеу және әдістемелік жұмыстарды орындау деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен бір ай мерзімде:

1) Кәсіпорынның жарғысын бекітсін;

2) оны әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткізуді қамтамасыз етсін.

5. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі